



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС – ҚЫЗМЕТІНІҢ
2024 ЖЫЛҒЫ
ЕСЕБІ**





Мазмұны

1. 2024 жылғы арыз-шағым, өтініштер статистикасы.
2. Қызметтік тексерулер.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын түсіндіруге бағытталған іс-шаралар.
4. Ішкі актілер жобаларын дайындау және бекіту.
5. Университет қызметіндегі тәуекелі басым бағыттар



1. 2024 жылы Басқарма төрағасы–ректорға түскен арыз – шағым, өтініштер статистикасы



Мерзім	Арыз – шағым, өтініштер саны	Оң шешімін тапқаны (татуласу, келісімге келу)	Тәртіптік жаза саны	Ескерту	Сөгіс	Қатаң сөгіс	Еңбек шартын тоқтату\оқудан шығару
9 ай	22	8	20	7	8	-	5

2024 жылдың 1 қаңтары мен 10 қазаны аралығында түскен арыз-шағымдар, өтініштер саны - 22 құрады. Барлық арыз-шағымдар мен өтініштер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мән-жайды анықтау үшін жолданған.

Арыз-шағымдар мен өтініштер мазмұны ұқсас, төмендегі себептермен байланысты:

- академиялық процесте оқытушылардың бағалу барысында заңсыз қаржы жинауы, алуы;
- бір жоғары оқу орнынан екінші жоғары оқу орнына ауысу кезінде қызметкерлердің заңсыз қаржы алуы;
- еңбек келісім-шарттары мерзімін ұзарту кезінде заңсыз сыйақы талап ету;
- қызметкерлер арасындағы этика нормаларының бұзылуы және т.б.

8 арыз бойынша мән-жай зерделенгеннен кейін тараптардың (арыз иелерінің және қарсы тараптың) татуыласуы негізінде оң шешім қабылданды (бұл этика нормаларын бұзумен байланысты арыздарға қатысты).

14 арыз- мәні бойынша қаралды, еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасымен бұзылған қызметкерлер саны – 5, 7 қызметкерге – ескерту тріндегі тәртіптік жаза қолданылды, 8 – қызметкерге сөгіс жарияланды. Жалпы арыз-шағымдар бойынша тәртіптік жаза саны- 20 құрады.





1.Қызметтік тексерулер

2024 жылдың 9 айында 4 қызметтік тексеру жүргізілді.

1. Алғашқы екі қызметтік тексеру қызметкерлер мен үшінші тұлғалардан түскен арыз-шағымдар негізінде жүргізілді. Тексеру қорытындысы Әдеп бойынша кеңес мәжілісінде қаралып, 2 қызметкермен жұмыс берушінің бастамасы негізінде еңбек шарты тоқтатылды.

Қызметтік тексеру материалдары іс-әрекетке құқықтық баға беру үшін Шымкент қалалық Полиция департаментіне жолданды.

2. 2024 жылдың 24-30 – мамыры аралығында шетел студенттерінің көші- қон заңнамасы мен визалық режимді бұзу фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерімен байланысты кеші-қон заңнамасын бұзу, студенттерге Қазақстан территориясында болмаған кезеңдер үшін негізсіз жаппай баға қою сияқты фактілер анықталды.

Қызметтік тексеру қорытындысы негізінде 61 шетел студенті оқудан шығарылды, 13 лауазымды тұлғаларға (факультет декандары мен департамент директорлары) сөгіс жарияланды, тексеру қорытындысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық департаментіне ұсынылды.





3 .2024 жылдың 16 – қыркүйегі мен 4-қазаны аралығында ҚР Бас әскери прокуратурасы Шымкент гарнизонының әскери прокуратурасынан келген және ҚР Қорғаныс министрлігінің «Шымкент қаласы гарнизонының Әскери полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесінен келген хаттар негізінде қызметтік тексеру жүргізілді.

Қызметтік тексеру жүргізу барысында университеттің Әскери кафедрасы қызметінде жұмысқа қабылдау, оқу процесін бақылауды іске асыру, оқытушылар мен білім алушылардың ресми емес қатынасқа түсуі, яғни оқытушылардың банктік карталарына ақша аудару (2022 жылдан 2024 жылға дейін жалпы сомасы - 6 816 725 теңге аударым жасалған) оқу-жаттығу жиыны кезінде шетелде болған студенттерге негізсіз баға қою, іріктеу конкурстарын өткізу кезіндегі ашықтықтың болмауы және т.б. бұзушылықтар анықталды.

Қызметтік тексеру қорытындысы бойынша Әскери кафедра бастығына – сөгіс, 23 қызметкерге қатаң сөгіс және ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Тексеру қорытындысы мен материалдары ҚР Бас әскери прокуратурасы Шымкент гарнизонының әскери прокуратурасына, ҚР Қорғаныс министрлігінің «Шымкент қаласы гарнизонының Әскери полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесіне және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Шымкент қаласы бойынша аумақтық департаментіне жолданы.





3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫН ТҮСІНДІРҮГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

- 1.Шымкент қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті өкілдерінің, Басқарма мүшелері, басқарушылық және профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен өткізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын түсіндіру бойынша іс-шаралар саны – 10.**
- 2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын түсіндіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті арттыру, кері байланыс арналарын хабарлау мақсатында білім алушылардың қатысуымен 22 іс-шара өткізілді, іс-шаралар «Адалдық сағаты», пікірсайыс турнирі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнінен пәндік олимпиада, және т.б. нысандарда өтті. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында 12 факультеттің 1 курс білім алушылармен кездесулер ұйымдастырылды. Іс-шара барысында 6 мыңнан астам 1 -курс білім алушылары сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Академиялық адалдық қағидасы, Әдеп кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сияқты университеттің ішікі актілерінде бекітілген шектеулер мен тыйымдар туралы ақпараттандырылды.**



Ішкі актілер жобаларын дайындау және бекіту.





Отандық заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды басшылыққа алып, төмендегі құжаттар жобалары дайындалды:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілерін немесе ықтимал бұзушылықтарды хабардар ету жөніндегі нұсқаулық ;**
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (жаңа редакцияда);**
- Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу туралы қағида (жаңа редакцияда);**
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Ереже (жаңа редакцияда).**

Ішкі актілер жобалары қызметтік хатпен бірге ұсыныстар мен ұсынымдар жолдау үшін университеттің құрылымдарына жолданды (Ғылыми кеңес шешімімен қараша айында бекіту жоспарланған).



1. Университет қызметіндегі тәуекелі басым бағыттар

2024 жылдың 25 қаңтарында комплаенс-қызмет жетекшісі Ғылыми кеңес мәжілісінде «Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағыттары және тәуекелдер» тақырыбындағы баяндамасын ұсынып, Басқармаға тәуекелдерді басқару бойынша құрылым немесе риск-менеджер штаттық бірлігін енгізуді шұғыл түрде шешуді ұсынды.

Тәжірибе көрсеткендей, корпоративтік басқарудың тиімді моделі – тәуекелдерді басқару жүйесімен тығыз байланысты. Сұрақтың өзектілігіне қарамастан, риск-менеджер штаттық бірлігін енгізу туралы ұсыныс орындалмады, сондай-ақ Қоғамда тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс жасамайды.

Теріс салдар туындатқан кейстерді ескерсек, Қоғам қызметіндегі келесі бағыттар тәуекелі басым бағыттар болып қалуда:

-Бакадемиялық процесс юджетті жоспарлау және бөлу, мемлекеттік сатып алуды жоспарлау, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерге бағаны белгілеу, университеттің бюджеттен тыс кірістері туралы ақпараттың ашық болмауы; бюджеттік комиссияның жұмысы мен өкілеттігі туралы ақпарат);



Академиялық процесс (емтихан сессиясы кезінде студенттер санына катысты бақылау мен есептіліктің болмауы, университеттің ішкі порталына қолжетімділіктің болуы, smart жүйесін жасаушылардың негізсіз баға қою мүмкіндігі, өзге оқу орындарынан студенттерді ауыстыру кезіндегі ашықтықтың болмауы);

- шетел студенттерінің қозғалысы;

-Әскери кафедра қызметі;

-Әкімшілік-басқарушылық персоналды қызметке қабылдау;

-Ғылыми жобаларды іске асыру және оған қатысу, студенттердің ақысыз ғылыми мақала жариялау мүмкіндігінің болмауы;

-қызметкерлердің дербес деректерін қорғаудың төмен деңгейі;

-шығармашылық түсу емтихандарын қабылдау және т.б.

